

**2012 жылғы 14 мамырда Қазақстан Республикасы Парламентінің
Мәжілісінде өткен «Мемлекеттік, мемлекет кепілдік берген және
квазимемлекеттік борышты басқару» атты тақырыпқа арналған
Үкімет сағатының нәтижелері бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Б.Б. Жәмішевтің баяндамасын тыңдай келіп, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі
ҰСЫНАДЫ:

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1. Мемлекеттік борышқа қатысты құқықтық базаны одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастырсын.
2. Тиімді нәтижелерге қол жеткізу мақсатында сыртқы борыштың көлемдерін, мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың борышын басқаруды реттеу тетіктерін жетілдіруді қамтамасыз етсін.
3. Квазимемлекеттік сектордың ішкі борышын есепке алу жүйесін жолға қойсын.
4. Уәкілетті мемлекеттік органдардың арасында өзара іс-қимыл мен ақпарат алмасудың толыққанды жүйесін қамтамасыз ете отырып, Үкіметтің шартты міндеттемелері бойынша тәуекелдерді азайту мақсатында борыштық міндеттемелері мемлекеттің кепілдік беруімен және кепілгерлігімен қамтамасыз етілген заңды тұлғалардың қаржылық жай-күйін бақылау және мониторингін күшейту жөнінде шаралар қабылдасын.